

7-ДӘРІС | Грамматикалық категориялардың функционалды-семантикалық салыстырылуы

«Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасы
Бакалавриат • 4-курс

Дәріскер: Кузембекова Ж.Ж. PhD, қауымдастырылған профессор



Дәрістің мақсаты және оқу нәтижелері

Мақсаты: тілдік құбылыстарды ғылыми ұғымдар арқылы салыстырып, олардың шет тілін оқытудағы және аудармадағы салдарын негіздеп түсіндіру.

Оқу нәтижелері: студент негізгі терминдерді түсіндіреді; қазақ және ағылшын тілдерінің деректерін ортақ өлшеммен салыстырады; ұқсастық пен айырмашылықты дәлелдейді; педагогикалық қорытынды ұсынады.

Грамматикалық категория дегеніміз не?

Грамматикалық категория – белгілі бір грамматикалық мағынаның өзара қарама-қарсы грамматикалық формалар жүйесі арқылы берілуі.

Грамматикалық категорияның негізгі белгілері:

Грамматикалық мағына – сөздің грамматикалық тұрғыдан білдіретін жалпы мағынасы.

Грамматикалық форма – сол мағынаны білдіретін тілдік көрсеткіш.

Грамматикалық оппозиция – бір категорияға жататын формалардың қарама-қарсылығы.





Функционалды-семантикалық бағыттың мәні

Функционалды-семантикалық бағыт тілдегі мағынаны негізгі нысан ретінде қарастырады.
Бұл бағытта зерттеу белгілі бір грамматикалық формадан емес, жеткізілетін мағынадан басталады.
Үш тілде де әрекеттің өткен уақытта болғаны білдіріледі. Алайда оны білдіретін грамматикалық көрсеткіштер мен құрылымдар әр тілде өзіндік ерекшелікке ие.
Негізгі ерекшелігі: бір мағына әртүрлі тілдерде әртүрлі тілдік құралдар арқылы берілуі мүмкін.



Түрік тілі:
Bir kitap okudum.

Қазақ тілі: Мен кітап оқыдым.

Ағылшын тілі:
I read a book.

Функционалды-семантикалық өріс (ФСӨ)

Функционалды-семантикалық өріс – белгілі бір ортақ семантикалық мағынаны білдіретін грамматикалық және лексикалық тілдік құралдардың жүйесі.

Бұл ұғымды функционалды грамматикада А.В. Бондарко кеңінен дамытқан.

Функционалды-семантикалық өрістің негізгі компоненттері:

Семантикалық категория – жеткізілетін ортақ мағына.

Грамматикалық құралдар – шақ, рай, жақ, етіс, септік сияқты грамматикалық формалар.

Лексикалық құралдар – белгілі бір мағынаны білдіретін сөздер.

Синтаксистік құралдар – сөз тіркестері мен сөйлем құрылымдары.

Контекст – мағынаның нақты сөйлеу жағдайында анықталуы.

Мысалы, келер шақ мағынасы:

Қазақша: Мен ертең барамын.

Ағылшынша: I will go tomorrow.

Түрікше: Yarın gideceğim.







Грамматикалық және функционалды-семантикалық тәсілдердің айырмашылығы

Грамматикалық тәсіл	Функционалды-семантикалық тәсіл
Грамматикалық формаларды зерттейді	Мағынаны жеткізу тәсілдерін зерттейді
Формадан мағынаға қарай жүреді	Мағынадан тілдік құралдарға қарай жүреді
Белгілі бір грамматикалық категорияға назар аударады	Әртүрлі деңгейдегі тілдік құралдарды қарастырады
Тілдің құрылымын сипаттайды	Тілдің қызметін және қолданысы түсіндіреді

Мысал:
«Мен кітапты оқыдым» және «Кітап менің тарапымнан оқылды» сөйлемдерінде бір әрекет әртүрлі грамматикалық құрылыммен берілген.
Бірінші сөйлем – белсенді етіс, екінші сөйлем – ырықсыз етіс.
Функционалды-семантикалық талдау бұл сөйлемдерде әрекеттің өзі ғана емес, сөйлеушінің назарын орындаушыға немесе әрекет нысанына аудару ерекшелігі де өзгеретінін көрсетеді.

Грамматикалық категориялардың негізгі түрлері



Грамматикалық категориялар бірнеше негізгі топқа бөлінеді.

1. Шақ категориясы (Tense)

Іс-әрекеттің уақытқа қатынасын білдіреді.

Қазақша: келді, келеді, келеді (контекске қарай келер шақ мағынасында да қолданылады).

Ағылшынша: came, comes, will come.

Түрікше: geldi, geliyor, gelecek.

2. Сан категориясы (Number)

Заттың біреу немесе бірнешеу екенін көрсетеді.

Қазақша: кітап – кітаптар.

Ағылшынша: book – books.

Түрікше: kitap – kitaplar.



3. Жақ категориясы (Person)
Сөйлеуші, тыңдаушы және бөгде адам арасындағы қатынасты білдіреді.
Қазақша: барамын, барасың, барады.
Ағылшынша: I go, you go, he goes.
Түрікше: giderim, gidersin, gider.
4. Септік категориясы (Case)
Зат есімнің сөйлемдегі басқа сөздермен грамматикалық байланысын көрсетеді.
Қазақша: үй, үйдің, үйге.
Ағылшынша: the house, the house's, to the house.
Түрікше: ev, evin, eve.
5. Рай категориясы (Mood)
Сөйлеушінің әрекетке деген көзқарасын білдіреді: бұйрық, шарт, тілек, болжам және т.б.
Қазақша: бар, барса, барғай.
Ағылшынша: go, if he went, may go.
Түрікше: git, gitse, gitsin.

Қорытынды және рефлексия

Негізгі ұғымдарды анықтап, қазақ және ағылшын тілдерінің тілдік деректері арқылы түсіндіріңіз.

Салыстыруда форма ғана емес, функция, контекст және норма да ескеріледі.

Рефлексия: бүгінгі дәрістен қандай әдіснамалық тұжырым алдыңыз?









ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС | КОНТРАСТИВТІ КЕСТЕ

1. ДӘРІСТЕГІ ЕКІ ТІЛДІК МЫСАЛДЫ ТАҢДАҢЫЗ.
2. ОРТАҚ МАҒЫНАСЫ МЕН КОММУНИКАТИВТІК ҚЫЗМЕТІН АНЫҚТАҢЫЗ.
3. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРДЫ КЕСТЕГЕ ТҮСІРІҢІЗ.
4. ОҚЫТУ НЕМЕСЕ АУДАРМА ҮШІН ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСАҢЫЗ.